

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХЫН КӨТЕРІП, ЕЛДІГІМІЗДІ НЫҒАЙТА БЕРСІН!

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ 25 қазан – Республика күнімен және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануының 35 жылдығымен құттықтауы

Құрметті жетісулықтар!

Республика күніне орай және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына байланысты шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл тарихи құнды құжат Қазақстанның мемлекеттілігіне берік негіз бола отырып, еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашты. Сондықтан бұл мерекеде азаттық жолында тер төккен бабалар рухына тағзым етіп, еліміздің іргесін нығайтуда әрбір азаматтың лайықты үлесін атап өту маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Қоғамдағы заң мен тәртіп,

азаматтардың еңбекқорлығы мен кәсіби біліктілігі қазіргі реформалардың берік тірегіне әрі қозғаушы күшіне айналды» деп атап өткен болатын.

Осы ретте мен барша жетісулықтарға ел мен жерге деген сүйіспеншілігі, адал еңбегі мен қажырлы қызметі үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы уақытта да бірлігіміздің арқасында ортақ мақсаттарға жетуде жемісті жұмыс атқарамыз деп сенемін.

Баршаңызға денсаулық, еңбекте табыс, отбасыларыңызға берекелі ғұмыр тілеймін.

Жалпыұлттық мереке халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта берсін. Отанымыз Қазақстанның тұғыры мықты, тәуелсіздігі баянды болсын!

25 қазан,
сенбі,
2025 жыл
№118 (19545)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Республика
күні
25
қазан

Республика күнінің басқа мерекелерден бәсі биік, мәні жоғары. Себебі де түсінікті. Қазақстанның тәуелсіз ел болудағы алғашқы төлқұжаты қабылданған күн жай мерекелер қатарында болмауы да тиіс. Күні кеше Талдықорған төрінде, Бикен Римова атындағы драма театрында елдікті нығайтатын, ұлтты ұйыстырып, бірлікке, ынтымаққа бастайтын ұлы мереке тойланды.

Дастанбек САДЫҚ,
«Jetisy»

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегендей жетісулықтар үшін бұл мереке тым ерекше. Өйткені, Жетісу облысының құрылуымен қатар қабылданып, өз мәртебесін алған мереке биыл үшінші мәрте тойлануда. Салтанатты шарада облыс халқын құттықтаған аймақ басшысы Бейбіт Исабаев мерейлі мерекенің маңызына тоқталып, 3 жылдық белесте өңір бағындырған жетістіктерді атап өтті.

– Жетісу жұртшылығын Республика күнімен және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуымен құттықтаймын! Тәуелсіздік жолындағы алашқы заңды негіздердің бірі ретінде Декларацияда Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатты дербес жүргізу, Ұлттық валютасын енгізу, егемен Заң шығару және басқа да маңызды құзыреті бекітілді. Тәуелсіз-



Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●



Суретті түсірген Жұмабай МҮСАБЕКОВ

ҰЛЫ МЕРЕКЕДЕ ЕҢБЕК АДАМЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

діктің игілігін біз Жетісу облысының күнделікті тыныс-тіршілігінен айқын көріп отырмыз. Биыл облысымыздың құрылғанына 3 жыл толды. Осы уақыт ішінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі салаларында

көрсеткіштеріміз өсіп, республикада үздіктер қатарынан көрініп келеміз. Осы ретте ұстаздар мен медицина мамандары, ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері, құрылысшылар, жол жөндеушілер, көлік жүргізушілер,

бизнес өкілдері және басқа да түрлі сала мамандарының, жалпы барша жетісулықтардың өңірді дамытудағы үлесі зор екенін ризашылықпен айтып, алғыс білдіремін, – деді Бейбіт Өксікбайұлы.

ҮШ АУДАНҒА газ келді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес салынған «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры жоспарланған мерзімінен бұрын аяқталды. Осыған орай Республика күні қарсаңында «Үшарал» автоматты газ тарату стансысында салтанатты іс-шара өтті. Оған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ арнайы қатысып, тұрғындарды қуанышымен құттықтады.

Айдар ҚАЛИЕВ,
«Jetisy»

«Талдықорған – Үшарал» магистральдік газ құбырын салу» инвестициялық жобасын Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы іске асырды. 2024 жылдың тамыз айында басталған құрылыс жұмысы шамамен бір жарым жылға ерте аяқталыпты. Енді жергілікті жерлерге газ жеткізудің жұмыстары жүргізілсе, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 80-нен астам елді мекеніндегі 130 мың тұрғын көгілдір отынмен қамтылмақ.

Салтанатты іс-шарада жергілікті тұрғындарды қуанышты жаңалықпен құттықтаған облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы:

– Бүгін Жетісу облысында айтулы күн. Құ-

рылыстың мерзімінен бұрын аяқталуына ықпал еткен «QazaqGaz» компаниясына облыс тұрғындары атынан алғысымды білдіремін. Газдандыру ісі өңірде қарқынды жүргізіліп жатыр. Мәселен, облыс құрылған кезде тек 5 елді мекен газдандырылса, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бүгінде 84 елді мекеннің 404 мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынға қол жеткізді. Жыл соңына дейін Панфилов – Кербұлақ – Талдықорған аралығындағы тағы 42 елді мекен газбен қамтылып, газдандыру деңгейі 72%-ға жетеді, – дей келе алдағы уақытта жұмыс жүйелі жалғасатынын, 2027 жылдың соңына қарай облыста газдандыруға жататын 200-ден астам елді мекеннің 630 мың тұрғыны газға қосылуға мүмкіндік алатынын айтты.

Өз кезегінде сөз алған «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Елжас Отыншиев аталған жобаның әлеуметтік маңыздылығына кеңінен тоқталып, ізгі тілегін білдірді.

– «Самұрық-Қазына» қоры экономиканың түрлі саласында, әсіресе мұнай-газ, энергетика бағытында ауқымды бастамаларды жүзеге асыруда. Сондай жобалардың бірі – Талдықорған – Үшарал газ құбыры. Бұл – өте маңызды жоба. Елге газ келсе, халықтың әлеуметтік жағдайы, экология жақсарады. Жаңа жұмыс орындары пайда болады. Өңірге инвестиция құйылады, – деді.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасының стратегия және инвестициялар жөніндегі орынбасары Ақбар Төлегенов құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысы ерекше бақылауда болғанын тілге тиек етті. «Нәтижесінде жаңа газ құбыры



Аудан тұрғыны Әбен САҚЫПОВ:

– 1980 жылдан бері Үшаралда тұрамын. Біз осы күнді ұзақ күттік. Алакөл өңірінің қысы қатты, кейде 7-8 айға дейін от жағатын кезіміз болады. Немерелеріміз тоңып қалмасын деп таң бозынан от жағамыз. Бір қыста сегіз тоннаға дейін көмір жағамыз, оған қоса, ағаш отын дайындаймыз. Көмір жағатын, күлін шығару егде жастағы адамдарға оңай емес. Өзіміз үлкен көшелердің бірінде тұратынымыз, газға алашқылардың бірі болып қосылуға мүмкіндігіміз болады деп ойлаймын. Шалғай ауданда газ келгеніне ризамыз.

Аудан тұрғыны Қоңыржай ҚЫСТАЛАСОВА:

– Мен айдынды Алакөл ауданында туып-өстім. Қазір зейнеткермін. Біздің аймақ шалғайда орналасқан әрі қысымыз да суық. Біз ауданымызға көгілдір отын қашан келеді деп, әрбір үйде жылу болады деп үміттеніп, асыға тосып жүрдік. Газ келсе әсіресе әйел адамдардың жұмысы жеңілдейді. Үй жылы болса көңіл де жайлы болады. Магистральді газ құбыры құрылысының аяқталғанын естіп, шараға арнайы келдік.

Алакөл ауданы



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Ел мерейін асырып, халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған игі істер өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында аудан тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болды. Еліміздің басты байлығы – халық. Ал халықтың амандығы мен денінің саулығы – мемлекет саясатының негізгі бағыты. Осы мақсатта аудандағы денсаулық сақтау саласында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Гүлжан ТҰРСЫН,
«Jetisý»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында елдің сұранысы мен ұсынысына сай әлеуметтік бастамалар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Соның бір дәлелі – аудан көлемінде жаңа медициналық нысандардың бой көтеруі.

2023 –2024 жылдары Ескедді ауданы бойынша 6 жаңа денсаулық сақтау нысаны іске қосылып, тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуде. Ағымдағы жылы Шымырда дәрігерлік амбулатория мен Матай Байысов ауылында фельдшерлік пункт пайдалануға берілді. Мереке қарсаңында аталмыш ауданның 203 тұрғыны бар Теңлік ауылында 105 шаршы метрлік блокты-модульді емхананың лентасы қиылды. «Ескедді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі тапсырысымен 45 920 000 теңге қаражатқа құрылысты салып берді. Мердігер «BIG Stroy

Гроуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Сонымен қатар Жастар ауылында дәл осындай жаңа медициналық нысанның құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жақын уақытта ол да ауыл тұрғындарының қызметіне ұсынылмақ.

Аудан халқының денсаулығын қорғау – жергілікті атқарушы билік пен медицина қызметкерлерінің басты мақсаты. Қазіргі таңда өңірде білікті дәрігерлер мен фельдшерлердің еңбегімен тұрғындарға сапалы, уақтылы көмек көрсету жүйесі жолға қойылған.

– Аудан тұрғындарының денсаулығы біз үшін аса маңызды. Бұл жаңа медициналық пункт ауыл халқына қалтқысыз қызмет етіп, ел игілігіне жарасын деп тілейміз. Науқастардың қатары аз болып, әрбір жанның дені сау болсын, – деген тілегін аудан басшылығы да жеткізді.

Бұл күні Жалғызағаш және Қайнарлы ауылдарында заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттер салынып, халық игілігіне берілді. Жалпы құны 391 миллион теңгеден астам болатын бұл жобалардың тапсырыс берушісі – облыстық құрылыс басқармасы, мердігер ұйымдар – «Akcent KZ» және «TUNAI STROY PROJECT» серіктестіктері.

Екі нысан да ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық, жедел және профилактикалық көмек көрсетіп, 1450-ден астам адамның, соның ішінде балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл – елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мен халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам. Тұрғындар да өз кезегінде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдауға ризашылықтарын білдірді.

✓ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАЛ ҚЫСТАТУ – жауапты науқан

Төрт түлікпен айналысатын шаруалар жылдың төрт мезгілінде тыным таппай еңбек ететіні белгілі. Қазақ халқының «Мал-жан аман ба?» деп амандық сұрасуы – мал шаруашылығының тіршіліктегі маңызын айқын көрсетеді.

Жақсылық ИГИМАН,
«Jetisý»



Әсіресе қыс мезгілінде табиғи жайылым мүмкіндігі шектеліп, мал толығымен шаруашылықтағы дайын қорларға тәуелді болады. Сондықтан шөп, жем, сүрлем секілді азық түрлерін дер кезінде дайындау қыстан шығынсыз шығудың басты кепілі. Бұған қоса жылы қора, таза су және жүйелі бақылау жұмыстары да маңызды рөл атқарады.

Осындай жауапты науқан кезінде тынымсыз еңбек етіп жүрген шаруалардың бірі – Алмалы ауылындағы «Темірлан» шаруа қожалығының басшысы Қанат Малайбеков. Ол қысқа тыңғылықты дайындалып, жаз айларында 30-40 тонна арпа мен 400 тонна орама шөп дайындап қойған. Қысқы азық қоры жеткілікті шаруашылықта бүгінде мал қоңы қалыпты, күтім үзілмейді.

– «Темірлан» шаруа қожалы-

ғы 2004 жылы әкем Есімбектің бастамасымен құрылған. Бүгінде шаруашылықты өзім басқарып келемін. Тұрақты жұмысшылар жоқ, сондықтан барлық істі өзім ұйымдастырып, күнделікті қадағалап отырамын. Қыста мал қыстату, көктемде төл алу – жауапты әрі тынымсыз еңбек, – дейді Қанат Малайбеков.

Қазір қожалықта «Алатау» тұқымды 78 ірі қара, 30 бас жылқы, 600 қой және 200-ге жуық төл бар. Болашақта шаруашылық аумағынан 200 саулық қойға арналған жылы қора салу және мал басын көбейту жоспары бар.

Мал қыстату науқаны дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ғана түлік басы сақталып қана қоймай, көктемгі төл алу көрсеткіші де жоғары болады.

Қорыта айтқанда, мал қыстату жай ғана маусымдық жұмыс емес, ол ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыратын кешенді әрі жауапты үдеріс.

Сарқан ауданы

✓ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ҒЫЛЫМНЫҢ жаңа дәуірі

Соңғы жылдары жасанды интеллект ұғымы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды.

Бұрын тек фильмдер мен ғылыми қиялда ғана кездесетін бұл технология қазір медицина, өндіріс, білім және күнделікті тұрмыста кеңінен қолданыла бастады. Сөйтіп, адамзат мүмкіндігін кеңейтіп, шығармашылық пен ғылымға тың серпін беріп келеді. Сондай-ақ, ол жаңа дәуірдің басталғанын байқатты. Жаңа заман талабынан қалмау үшін аймақтағы мұғалімдер де жасанды интеллектті игере бастады. Осы мақсатта Талдықорған қаласындағы колледждердің бірінде ЖИ-ға қатысты семинар-тренинг өтті.

Шара барысында ұйымдастырушылар қатысушыларға оқу үдерісінде жаңа технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдерін үйретіп, жасанды интеллектті тиімді пайдаланудың мән-маңызын түсіндірді. Мамандардың айтуынша, оны көрнекі материалдарды дайындауда және оқу жоспарларын жетілдіруде қолдануға болады.

Колледж оқытушысы Ирина Даринская семинардан ойға қонымды көп нәрсе санаға тоқылғанын жеткізді. Сондай-ақ, ол кейбір платформалар мен материалдарды өз тәжірибелерінде қолданатынын және бұл оқудан міндетті түрде енгізетін жаңа әдістемелер мен цифрлық платформалармен танысқандарын сөз етті.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

✓ ҚҰРЫЛЫС

МЕКТЕП – ауыл айнасы

Сұптай ауылында жаңа мектеп салынауда. Бұл құрылыс білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры қаржыландыратын облыстағы екінші оқу орны. Ол сыбайлас жемқорлықтан қайтарылған қаражатқа салынып жатыр.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisý»



Сұптай ауылындағы мектеп маусым айының басынан бастап бой көтеруде. Ол 120 орынға есептелген. Мердігерлердің айтуынша, барлық монолиттік жұмыстардың 80%-ы жүргізілген. Ғимарат төрт блоктан тұрады. Олардың бәрі сейсмологиялық талаптар бойынша бір-біріне тәуелсіз. Қазір бірінші қабатты қалау аяқталды. Нысанда 40 құрылысшы жұмыс істеуде.

Учаске бастығы Рүстем Жақашбаевтің айтуынша, олар екі апта ішінде монолитті жұмыстарды толық аяқтамақ. Одан кейін екінші, үшінші қабаттағы кірпіш қаланады. Қысқа таяу жылу жүйесі орнатылып, ішкі әрлеу мен электр монтаждау жұмыстары жүргізіледі. Ал әзірге жергілікті балалар ескі мектепте білім алуда. Ол жарты ғасырдан асқан.

– Бұл мектепте жергілікті тұрғындардың бірнеше буыны оқыды. Ешқандай жағдай жоқ. Қыста өте суық, оқу сыныптары жетіспейді, дәліздері тар. Мұнда мұғалімдерге де, балаларға да сабақ өту өте қиын, – дейді Сұптай ауылының тұрғыны Советхан Мамаева.


Сұптай ауылы таяу уақытқа дейін экономикалық ахуалы нашар елді мекендердің қатарында саналды. Қорғас көлік торабын дамытудың арқасында мұнда халық саны артты. Сәйкесінше, демография да өсіп келеді. Сол себепті медициналық пункт пен мектептің жаңа ғимараты қажет болды.

Жалпы, бұл мектепте жоғары білікті құрам бар. Олар 3 зерттеуші, 11 сарапшы және 14 модератор-педагогтар. Түлектерге сапалы білім беріледі. Нәтижесінде оқушылардың 80-90%-ы мемлекеттік гранттардың иегері атанды.

Ал аудандық білім бөлімінің аға әдіскері Райкүл Қарабалаеваның сөзінен, ауданда 50-ге жуық мектеп бар. Быыл мұнда 2 жаңа білім ошағы салынауда. Келесі жылы да осындай ғимарат тұрғызу жоспарланған. Сондай-ақ, тағы 4-еуі күрделі жөнделуден өткізілімек. Мемлекет көмегінің арқасында мектептердің жартысынан астамы жаңартылған.

Айта кетейік, Жетісу облысында білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры мен арнайы мемлекеттік қор қаражатына 4 жаңа мектеп салынауда. Жалпы, оларды қаржыландырудың арқасында өңірде 20 млрд. теңгеге жуық сомаға 29 нысан бой көтеруде.

Панфилов ауданы



✓ ЖАЙДАРМАН



ҚОС ҚУАНЫШ

Мереке қарсаңында Алакөл ауданының Үшбұлақ және Қызылқайың ауылдарында екі бірдей жаңа медициналық пункттің ашылуы ауыл тұрғындарына зор қуаныш сыйлады. Бұл ауылдық аймақтардағы медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған мемлекет қамқорлығының нақты көрінісі.

Салтанатты рәсімге аудан әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов, ауыл ақсақалдары мен тұрғындар қатысты. Жиналған жұрт бұл игі істі ауыл өміріне серпін беретін үлкен жетістік екенін атап өтті.

Жаңа блок-модульдік нысандар заман талабы-

на сай салынған. Мұнда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге қажетті барлық жағдай жасалған: заманауи құрал-жабдықтар орнатылып, медицина қызметкерлеріне қолайлы жұмыс ортасы қалыптасқан. Бұл ауыл тұрғындарының өз ауылында уақтылы көмек алуына, денсаулықты бақылап, алдын алу шараларын жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Үшбұлақ және Қызылқайың ауылдарындағы нысандар облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша «ABADAN Construction» ЖШС мердігер компаниясымен салынды. Құрылыс жұмыстарына Үшбұлақтағы пунктке 186,5 миллион теңге, ал Қызылқайындағы нысанға 190,6 миллион теңге қаржы игерілген.

Үшбұлақ ауылының тұрғыны Орынтай Құсайынов жаңа нысанның игілігін ерекше атап өтті:

– Бұрын қарапайым тексеріс үшін аудан орталығына баруға мәжбүр едік. Енді дәрігерлер өз ауылымызда отыр. Бұл – үлкен жеңілдік болатын болды, – деді.

Аудан әкімдігі мамандарының айтуынша, медициналық пункттер толық қуатында жұмыс істей бастайды. Мұнда алғашқы көмекпен қатар жүкті әйелдер мен балаларды бақылау, созылмалы ауруларды емдеу, профилактикалық тексерістер жүргізу сияқты қызметтер де көрсетіледі.

Бұл елімізде жүзеге асырылып жатқан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының нақты жемісі. Соңғы жылдары осы бағдарлама аясында көптеген елді мекенде жаңа медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар бой көтерді. Нәтижесінде шалғай өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымы нығайып, ауыл халқы сапалы медициналық қызметке қол жеткізуде.

Рысалды ШАРАПИЕВА,
Алакөл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы



БАСПАСӨЗ – 2026

Жылдағыдай баспасөзге жазылу нау-
қанына орай Сарыөзек кентіне бар-
ғанымызда бізді Кербұлақ ауданы әкімінің
орынбасары Жанат Жүнісбеков қарсы
алып, қол жеткізген жетістіктер мен көр-
сеткіштерге тоқталды.

– Ауданымыздың инвестициялық
әлеуеті өте жоғары. Жыл басында биыл
ауданға 40 миллиард теңгенің инвести-
циясын әкелу жоспарланған болатын.
Өткен 9 айдың ішінде 39 миллиард 970
миллион теңге инвестиция құйылды.
Атап айтқанда, аудандағы ең қомақты
инвестицияны «Шоғырландырылған тау-
кен құрылыс компаниясы» мен «Аласет»
жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері
және Жоламан аумағында суару жүйеле-
рін қалпына келтіріп, мал бордақылаумен
айналысатын «Агрохолдинг Жетісу» ЖШС,
сосын Көксу өзенінен 2 су электр стансы-
ның құрылысын жүргізіп жатқан «Энерго-
БилСервис» ЖШС ең ірі инвесторлар саналады.
Одан бөлек, Жоламан ауылында қиырлық тас-құм
өңірөтін зауыт жұмыс істеп тұрса, аудан аума-
ғынан алтын кенін ашу мақсатында «Кең Дала»
компаниясы келіп жатыр. Тағы бір мақтанышпен
айтуға болатын жоба Сарыбұлақ ауылына тиесілі
400 гектар жерге «Жасанды Интеллект» ЖШС
күн батареяларын орнатпақшы. Дәл сол ауылда
табиғи газды баллондарға құятын зауыт ашу
жоспарлануда. Міне, осындай қуанышты жаңа-
лығымыз бар, – деген Жанат Төлегенұлы аудан
аумағындағы жобаларға инвестиция салушылардың
басым бөлігі отандық кәсіпкерлер екенін атап өтті.

Оның айтуынша, ауданда туризм саласы ерекше
қарқынмен дамып келеді. Әсіресе, «Алтынемел»
ұлттық табиғи паркі мен Шоқан Уәлиханов музе-
йіне келушілердің саны жыл өткен сайын артуда.
Мысалы, 2024 жылы ауданға 38 мың турист келген.
Оның 12 мыңы шетелдік азаматтар. Атап айтқанда,
Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия секілді
Еуропа елдерінен келушілер көп. Ал, биылғы 10
айдың ішінде саяхаттап келген 27 мың туристің
8760-ы шетелдік. Осыған орай аудан көлемінде
туризм саласындағы кәсіпкерлердің саны артып,
халыққа лайықты қызмет ұсынуды қолға алыпты.
Осыған орай бір ғана Басши ауылында 12 шағын
және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. Тіп-
ті, бір кәсіпкер қонақүйі, мейрамханасы, тікұшақ
конатын алаңы бар кешен салмақшы.

Жалпы ауданда 2023-2025 жылдары игерілмей
жатқан 47 мың гектар жер мемлекет меншігіне қай-
тарылып, 3800 гектар егістік жер дикандарға кон-
курс арқылы беріліпті. Қалғаны жайылым ретінде
ауылдық округтердің әкімдіктеріне бекітіліпті. Оны
жайлауға, күздеуге, көктеуге шығатын малшылар
пайдалануда.

Көпшілікті алаңдатқан мәселенің бірі –
Сарыөзек ауылындағы ауызсу екені белгілі.
Қазір осы мәселені түбегейлі шешу үшін, мемле-
кеттен 3,5 миллиард теңге бөлініп, «Сапа құры-
лыс – 2007» ЖШС құрылыс-жөндеу жұмыстарын
жүргізіп жатыр. Соның арқасында келер жылы
сарыөзектіктер таза ауызсудың игілігін көреді.
Сонымен қатар, басқа ауылдарды ауызсумен қамту
мәселесі шешіліп отыр. Одан бөлек, аудан тұрғын-
дары үшін 188 үй салынып, 98 апаттық пәтердің
60-на жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға
берілген.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлт-
тық жобасымен ауданда 17 дәрігерлік амбулатория
салынып, тұрғындардың игілігіне берілген. Жалпы
аудандағы 63 ауылдың 47-сінде емхана жұмыс істеп
тұр. Мектептер мен балабақшалар, спорт кешендері,
ветеринарлық бекеттер аудан жұртшылығына қыз-
мет көрсетеді. Ауданның мәдениет, білім саласы
жетістікке толы.

Тағы бір айта кететін нәрсе – аудандағы
«Аласет» ЖШС кен орнына апаратын техника-
лық жол салып, Сарыөзек – Көктал бағытындағы
республикалық жолға жүк көліктерін жүргізбейтін
болыпты.

Міне, тарихы терең Күренбел өңірінің жетістігі
осылай өріліп, қалыптасып отыр.

БАСЫЛЫМ ЖАНАШЫРЛАРЫ АЛҒЫСЫН ЖЕТКІЗДІ

Текеметтің түріндей күнде түрленген мына
дүниеде адамға шын жанашыр керек. Ата-
ана, туған-тумадан бөлек жанның, рухтың қуатты

Ел тарихында орны ерекше
өңір көптеп саналады. Соның
бірі – тоғыз жолдың торабында
жатқан Күренбел өңірі. Шапқын-
шылық кезеңінде ұлттың ұйытқы-
сындай болған мекенді ақ патша-
ның тұсында Тезек төре жайлаған,
этнограф-ғалым Шоқан Уәлиханов
өмірінің соңғы күндерін өткізген,
кейінгі ақ пен қызылдың қақтығы-
сында талай боздақ шәһиттік кеш-
кен өңір бүгінде өндірісі мен кәсіпорны дамыған,
инвестиция құю бойынша облыста алдыңғы
орын алған ауданға айналып отыр. Табысы
басым, түсімі мол ауданның жетістігі
мен көрсеткіші жайлы оқи
отырыңыздар.

Дастанбек САДЫҚ,
«Jetisy»



болмағы үшін, түпсанаға қалқан болатын рухани күш
қажет. Сол рухани күш – газетте. «Өзі бір күндік, сөзі
мың күндік» газеттің арғы-бергі тарихын парактасак,
ұлт үшін, ел үшін деген мүддеден өзгесі жоқ. Та-
мырын сонау «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты»
газетінен бастаған бүгінгі қазақ газеті сол мүддені
әлі де тұрмысына арқау етіп келеді. Қоғам дертін
тамыршыдай дөп басып, ойы мен өрісі елдік ғәм
мемлекеттілік идеясының темірқазығына айналған
Жетісу өңірінің рухани қалқаны «Jetisy» газетінің
қаламгерлері Күренбел өңіріндегі сапары барысында
оқырмандармен кездесті.

Қағаз бетінде ұлт ұстынын, ел идеологиясын
көрсететін «арқалағаны алтын, жегені жан-
тақ» журналистер қауымы газет жанашырларымен
кездесуде де сол үдені, сол максатты тілге тиек етті.
Күренбел орта мектебінде шымылдығын түрген
жылы жүздесуде сөз алған «Jetisy» газеті бас редак-
торының орынбасары Мәди Алжанбай басылымның
бүгінгі мақсат-міндетін, болашағын ғәм елдік мүдде
жолындағы негізгі миссиясын пайымдады.

– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет –
халықтың көзі, сөзі ғәм тілі» деп тегін айтпаса
керек. Технология дамыған дәуірде де газет сол мис-
сиядан айныған емес. Мемлекет басымыс жасанды
интеллект дәуіріне аяқ басқанымызды айтты.
Дейтұраемін, адамзаттың ұлы игілігін көмекші
ретінде пайдалануымыз керек. Қазіргі қоғам көрсе-
тіп отырғандай жастарымыз оны жетекші етіп
алғандай. Қарапайым ессе жазуды да жасанды
интеллектіге жүктеп қойғанбыз. Доңғалақ ғылыми



түспей, жерасты жұмыстарын аяқтау. 2024-2026
жылдарға арналған нысан құрылысы бойынша 110
шакырым су құбыры тартылып, 1 дана су қоймасын
салу көзделген. Құрылыс басталғалы 2 жыл ішінде
су жүйесінің 81 шакырымы ауыстырылып, 501
кұдық және 58 өрт сөндіру гидранты орналасты-
рылған. Серіктестіктің құрылыс учаскесі бастығы
Таберт Вильгельмнің айтуынша, қайта жаңғырту
жұмыстары 80 пайызға аяқталған.

– Қазір қайта жаңғырту жұмыстарына 15
техника құмылдырылған. Келер жылы шілде
айында нысан пайдалануға беріледі. Қазір құры-
лысшылар құбыр тартып, қазылған жерді қайта
қалпына келтірумен айналысуда. Тұрғындар та-
рапынан кейде түсініспеушілік туындап қалады.
«Асфальт жолды бұздындар, көлік жүре алмай
қалды» деген шағымдармен түсіп, басынасын ай-
тып жатады. Игілікті іс үшін мұндай жағдайлар
қалыпты. Жолды да қалпына келтіреміз. Қазіргі
біздің қарекет – тоң түспей жер қазу, құбыр
тарту және қазылған жерді қалпына келтіру.
Осыған сарыөзектік тұрғындар түсіністік та-
нытса, – дейді.

Учаске бастығымен диалог барысында ауыл
тұрғындары жол үстіне құбыр желісінен шыққан
топырақты тастамауын өтініш қылып келді. Таберт
Вильгельм мұның бәрі кешке дейін қалыпқа келті-
рілетінін жеткізіп, алаңдамауын өтінді.

ҚАЛАУЫН ТАПҚАН КӘСІПКЕР

«Қалауын тапса, қар жанар» деген сөз бар.
Ебі бар, икемді кісілердің тірлігіне сүй-
сінгеннен айтылған ұлағат қой. Кербұлақ ауданында
ебі бар жігіттер баршылық. Қалауын тауып онтайлы
қарекет еткен жігіттердің қатарында Диас Нұрға-
лиев те бар. «Туған жерге туынды тік» тәмсілінің
тамырын қан жүгірткен азамат өзі. Алып шаңар
Алматыға арман қуып кетіп, тұрмысын қым-қуыт
қала тынысына арнаған кейіпкеріміз биыл мамыр
айында кіндік қаны тамған Сарыөзекке ат басын
бұрады. Осындағы құрылыс қарқынын, аудандағы
индустриялық жобалардың, әлеуметтік нысан-
дардың ілімді салынуына қарап, жоқтар құрады.
Құрылыс үшін не қажет? Өрине, әуелі цемент, оның
өзінде дайын бетон. Қазір құрылыс жүргізуші
компаниялар үшін құрылыс жүргізгенде дайын бетонды
пайдалану аса тиімді. Көп жұмыс істелмейді, көп
уақыт жұмсмайды. Осыны ескерген ауыл азаматы
жаңа-терген қаржысын бетон зауытын салуға
бағыттайды.

Мамыр айында іргесі қаланған «Бірінші Сары-
өзек бетон зауытының» өнімі ауданда аса жоғары
сұранысқа ие. Күніге 100-150 текше бетон даяр-
лайды. Кейде сұраныс мұнан жоғары болады екен.
Амалсыз, жұмысты үдетуге тура келеді. Диас Дәу-
летұлының айтуынша, зауыт толық автоматтанды-
рылған. Дейтұрғанмен, жұмысшы күші аса қажет.
Адам араласпаса кейде жұмыс тұралайды. Сол үшін
зауыт басшылығы жұмысшылардың бар жағдайын
жасаған. Үш мезгіл ыстық тамақ, жайлы демалыс
орны, бастысы – қолайлы жалақы. Қазір зауыттағы
ен төмен жалақы 400 мың теңге. Ауылдан шығып,
ауылды көркейтуге ұмтылған Диас Нұрғалиев қазір
15 аудан тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

– Дана халқымыз «Темірді қызған кезінде соқ»
дейді ғой. Туған жерге келгенде мұнда сұраныс
жоғары екенін аңғардық. Құрылыс жүргізуші
мекемелер дайын бетонды Қапшағай, Алматы-
дан тасымалдайды екен. Содан зауыт салуды
бастадық. Туған жерімізді біз де гүлдендірейік
деп шештік. Осылайша 50 млн. теңге инвестиция
құйып, зауытты тұрғыздық. Аудан тұрғындарына
да қарайласын отырмыз. Мәселен, бетон тасымал-
даушы көліктің жол шығыны бар. Егер қарапайым
тұрғын біздің өніміді пайдаланатын болса, тек
бетонның құнын төлейді. Жеткізіп беру тегін, –
дейді кейіпкеріміз.

Алдағы уақытқа зауыт басшылығы онтайлы
жоспар құрыпты. Аудан көлемінде бордюр,
брюсчатка, блокті кірпіш шығаруды
жолға қоймақ. Біз де талапты ерге
сәттілік тіледік.



Павлодар – Қазақстанның Солтүстігіндегі мәдениет пен ағартушылықтың маңызды орталығы. Бұл өңір қазақ руханиятының ірі тұлғаларын дүниеге әкелді. Сонымен қатар, Ертіс бойында жатқан өңір ел экономикасының тұрақты дамуына елеулі үлес қосып келеді. Көмір, алюминий, электр энергиясы мен мұнай өнімдерін өндіруде көш бастап тұр. Екібастұздың көмірі, Ақсу мен Павлодардың кәсіпорындары – елдің энергетикалық және өндірістік қауіпсіздігінің негізі. Соңғы жылдары өңір машина жасау, құрылыс материалдары және тамақ өнеркәсібіне инвестиция салуда. Бұл бағыттар экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік беруде. Аймақта әлеуметтік тұрақтылық пен еңбек нарығын дамытуда маңызды рөл атқарады.

КЕРЕКУДЕ



Жыл басындағы дерек бойынша облыс халқының саны шамамен 748 мың адамды құрайды. Кейінгі жылдары шетелден қоныс аударғандар саны артқан. Бұл – өңірдің еңбек әлеуетін ішінара толықтыруға мүмкіндік беруде. Павлодар облысына жыл сайын 3,5 мыңнан астам көші-қон квотасы бөлінеді. Бұл – еңбек ресурстары жетіспейтін салаларға мамандар тартуға арналған мемлекеттік қолдау тетігі.

Аймақта көші-қон заңнамасын бұзған шетел азаматтарын анықтау, тіркеу және рұқсат құжаттарын бақылау мақсатында «Мигрант» атты профилактикалық шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Сырттан еңбек күшін тарту, инфрақұрылымды дамыту және тұрғын үй бағдарламаларын кеңейту арқылы көші-қон үдерісін тұрақтандыру мүмкіндігі мол. Алайда биыл ерікті көші-қон аясында бірқатар қиындыққа бетпе-бет келуге тура келді.

Жыл басында мемлекеттік қызметтерді цифрландыру аясында ерікті көші-қон құжаттарын онлайн форматта рәсімдеу жүйесі енгізілді. Бұрын азаматтар өтініштерін көші-қон полициясына немесе ХККО арқылы қағаз түрінде тапсыратын. Жаңа жүйе уақыт үнемдеуді көздегенімен, алғашқы кезеңде бірнеше қиындық туындады. Цифрлық сауаттылықтың төмендігі анық байқалды. Кейбір азаматтар порталдарды (egov.kz, eOtinish) қолдануда қиналды. Техникалық ақаулар да көп жұмысқа қолбайлау болды. Электронды қолтаңба мен жүйенің кідірісі өтініштерді тіркеуді қиындатты. Ақпараттың аздығы. Жаңа жүйе туралы толық түсіндірме болмады, сондықтан тұрғындар қай сайт арқылы өтініш беру керегін білмей шатасты. Әрине, ерікті көші-қон құжаттарын онлайн форматқа көшіру – заман талабы. Алайда бұл өзгеріс техникалық тұрақтылық пен ақпараттық қолдау жетіспеген жағдайда қиындық тудырады.

– Павлодар облысында көші-қон саясаты кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Мемлекеттік бақылау күшейіп, еңбек мигранттарын заңдастыру ісі жолға қойылған. Негізгі мақсат – ішкі көші-қонды тиімді бағытқа бұрып, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және өңірдің демографиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Бүгінде облысқа мыңға жуық адам қоныс аударып, тұрақтап үлгерген. Соның ішінде 33 адам Жетісу облысынан көшіп келген. Салыстырмалы түрде алғанда, Оңтүстік өңірлерден келушілердің үлесі басым. Бұл түсіндіру жұмыстарының өзге аймақтарда әлсіз жүргізіліп отырғанын аңғартады.

Биыл құжат айналымындағы өзгерістер бірқатар қиындықтар туғызғанымен, екінші жартыжылдықтан бастап жұмыс қарқыны тұрақталды. Қазір көші-қон үдерісі қарқын алып, шаруашылықтар мен кәсіпорындар еңбек күшін пайдалануда. Жергілікті кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер қоныс аударушыларға тек жұмыс қана емес, материалдық қолдау да көрсетуде, – дейді облыстық еңбек мобильділігі орталығының директоры Меруерт Есенбаева.

Ішкі көші-қон – тек статистикалық көрсеткіш емес, ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы. Павлодар облысы үшін басты мақсат – кетушілер санын азайтып, көшіп келушілердің тұрақтап қалуына қолайлы жағдай жасау. Дегенмен, көшіп келгендердің жаңа өңірге бейімделуі де оңай емес. Көшіп келгендер ең алдымен жұмыс табу, тұрғын үймен қамтамасыз етілу, тіркеу рәсімдерін өткізу және әлеуметтік ортаға сіңісу сияқты мәселелерге тап болады. Инфрақұрылым мен мемлекеттік қызметтердің



РУХАНИ ДА, ӘЛЕУМЕТТІК ТЕ ҚОЛДАУ БАР



Қажет АНДАС,
«Jetisy»

қолжетімділігі де маңызды фактор. Сонымен қатар, Павлодар өнеркәсібі мен энергетикасы дамыған аймақ ретінде жұмыс іздеген азаматтарға жаңа мүмкіндік ұсына алады. Мемлекет тарапынан көші-қонды қолдау тетіктері – квота, тұрғын үй және жұмысқа орналастыру бағдарламалары іске асуда. Бұл шаралар өңірге еңбек күшін тартуға және халықтың тұрақтануына ықпал етеді.

Ерлі-зайыпты Мұрабек Жұматай мен Дидар Нұрқажықызының жаңа өмірі Павлодар қаласынан басталды. Қытайдан көшіп келген отбасы алғашында Талдықорған қаласында қоныстанған. Сол жерде жер алып, баспана тұрғызып, тұрақты өмірге бейімделе бастағанымен, тұрмыс қамымен Текелі қаласына көшкен.

– Павлодарда тұратын құдашамыз ерікті көші-қон бағдарламасы жайлы айтып берді. Сол кезде отбасымызда біраз қиындық болды. Кредитке кіріп, күйеуім жол апатына түсіп, табыс көзінен айырылды. Осы жағдайдан шығу үшін солтүстікке көшуге бел будық, – дейді Дидар Нұрқажықызы.

2023 жылдың көктемінде олар алғашқы көшіп келушілердің бірі болып Павлодарға табан тіреген. Бағдарлама аясында жаңа тұрғын үй салып, қоныстандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан тұста, сол баспаналардың бірі Дидар Нұрқажықызы отбасының еншісіне бұйырған.

– Құжат рәсімдеу кезінде ешқандай қиындық болған жоқ. Павлодар қалалық мансап орталығының мамандары барынша көмек көрсетті. Қазір күйеуім алюминий зауытында еңбек етеді. Мен үй шаруасымен қатар, шағын саудамен айналысамын. Биыл бақшамызға таңқурай егін, көріштерімізге де үйретіп жатырмыз, – дейді кейіпкеріміз.

Отбасында 4 бала тәрбиеленіп жатыр. Үлкендері университетте білім алса, кенжесі бастауыш сыныпта оқиды.

Ерікті көші-қон бағдарламасы арқылы Павлодар облысына қоныс аударғандардың қатарында Ақсу қаласының тұрғындары – Гүлгина Әділбек пен Нұрдықан Жұмабек те бар. Екеуі де жаңа ортаға тез бейімделіп, өз істерін дөңгелентіп отыр.

Гүлгина бүгінде қала орталығында Шығыс медицинасы бағытында емдеу орталығын ашып, тұрғындарға қызмет көрсетуде. Ал Нұрдықан мен жұбайы Серікқали қала орталығындағы сауда орталықтарының бірінде азық-түлік сатумен айналысады.

– Үлкен қызымыз Павлодар қаласында тұрмыс құрды. Артынан сіңлісі де осында келді. Бала-лармен бірге болайық деген ниетпен біз де көшіп келдік. Мемлекет тарапынан берілетін көмектің барлығын алдық, бұл жағынан айтар өкпе жоқ. Мемлекеттік гранттарға да қатысып көрдік. Дегенмен, сауда нүктесін жалға алып отырғандықтан, жалдау ақысы қымбат болып, жұмысы-

муда. Қоныс аударушыларды ең алдымен, жұмыс пен тұрақты табыс қызықтырады. Жалақы деңгейі республикалық ортадан жоғары. Оның үстіне, тұрғын үй бағасы мен жалдау ақысы төмен. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы көшуге және тұрғын үй алуға қаржылай қолдау көрсетіледі. Бұл жас отбасылар үшін маңызды мүмкіндік. Өңірде жоғары оқу орындары мен колледж көп. Білім сапасы мен мәдени орта дамыған. Тұрғындар тыныш әрі қауіпсіз өмір салтын ерекше бағалайды. Қысқасы, қоныс аударушыларды негізінен жұмыс, баспана және өмір сапасы қызықтырады. Өңір – еңбеккер адамдар үшін жаңа бастамалар мен тұрақты өмірдің мекені.

Павлодарға көш түзгендердің дені Екібастұз қаласына тұрақтап қалғысы келетінін байқадық. Ерікті көші-қон бағдарламасы аясында Екібастұз қаласы соңғы жылдары қоныс аударушылар үшін тартымды аймақтардың біріне айналған. Өйткені Екібастұз Павлодар облысының ірі өнеркәсіп орталығы. Мұнда тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі жүйелі шешілуде. Бағдарлама бойынша жаңа үйлер салынып, көшіп келген азаматтарға жеңілдікпен немесе жалға беру негізінде ұсынылуда. Қала инфрақұрылымы дамып келеді. Жол жөнделіп, мектеп пен балабақша салынып жатыр. Тұрғындарға әлеуметтік көмек беріліп, грант және кәсіп ашуға қолдау көрсетіледі.

Екібастұз қаласына қоныс аударған жетісулықтардың қатары жыл сайын артып келеді. Көпшілігі тұрақты жұмысқа орналасып, жаңа ортаға бейімделіп үлгерген. Солардың бірі — «Екібастұз суқұбыры» мекемесінде еңбек етіп жүрген Молдаш Боранбаев.

– Ескелді ауданының Қарабұлақ кентінен көшіп келдім. Мамандығым – дәнекерлеуші. Талдықорғанда бұл мамандыққа сұраныс аз болғандықтан, тұрақты жұмыс табу қиынға соқты. Кейін солтүстік аймақтарда техникалық мамандарға сұраныс жоғары екенін естіп, отбасыммен ақылдаса келе осында көшуге шешім қабылдадық, – дейді ол. Молдаштың айтуынша, алғаш келген жылдары Екібастұзда Жетісу облысынан қоныс аударғандар аз болған. Алайда соңғы екі-үш жылда олардың қатары едәуір артқан.

– Бәріміз мемлекет тарапынан берілетін көмек қаражатын алдық, мамандықтарымыз



мызды кеңейтуге кедергі болып тұр. Егер сауда орталығын салуға жер телімі қарастырылса, құрылыс жұмысын өз күшімізбен жүргізер едік, – дейді Нұрдықан.

Журналистік міндетімізге сай, біз Нұрдыканның бұл ұсынысын тиісті мекемелерге жолдап, жауап алу мүмкіндігін қарастырып көруді жөн көрдік.

Әрине, осы тұста «Павлодарға қоныс аударушыларды не қызықтырады» деген сұрақтың да көкейге оралары анық. Бұл аймақ еліміздің ірі индустриялық және әлеуметтік тұрғыдан тұрақты өңірлерінің бірі. Өңірдің энергетика, металлургия, құрылыс және логистика салалары қарқынды да-

бойынша жұмысқа орналастық. Бір-бірімізбен араласып, қолдау көрсетіп тұрамыз. Әрине, тұған жерге деген сағыныш жүректің түкпірінде қалады. Бірақ елге қызмет ету үшін жер таңдау шарт емес, – дейді ол.

Жерлесімізбен біз қала орталығындағы көпқабатты үйлердің ыстық және суық су құбырларын жанартау жұмыстары жүріп жатқан сәтте кездестік. Алыстан жерлесін іздеп келгенімізді көрген әріптестері де жылы жүзбен қарсы алып, бауырмалдықтың бейнесін танытты. Олардың қатарында оңтүстік өңірлерден көшіп барған азаматтар да бар. Барлығы да кеңпейіл Екібастұз халқының ықыласына риза екендерін айтты.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Кереку жеріне келген әр жолаушы Баянауылға соқпай кетпейді. Бұл өңір – қазақ руханиятының терең тамыры, ұлттың киелі мекені. Осында күллі халықтың құрметіне бөленген әулие, ойшыл, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі орналасқан. Баянауыл сапарына Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің бас редакторы, қаламдас сепірім Нұрбол Жайықбаевпен бірге жолға шықтық. Басты мақсатымыз – ұлт руханиятына үлес қосқан тұлғаларға тағзым етіп, өңірдің мәдени және тарихи ескерткіштерімен танысу.

Қайтып Павлодар қаласына келген соң Мәшһүр Жүсіптің мешітіне кіріп, баба рухына Құран бағыштадық. Мешіттің сәулеті мен тыныштығы жаңа жылылық ұялатып, рухани күш сыйлады. Кейін Қалиқан Бекқожин ескерткішіне аялдап, қазақ әдебиетінің көрнекті өкіліне тағзым еттік. Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінде және Потанин музейінде болып, өлкенің бай табиғаты мен мәдени мұрасына қанықтық. Соңында Павлодар қаласының кең жағажайында, Ертіс өзенінің бойында серуендеп, қаланың тынысымен таныстық. Кешкі самал мен өзеннің иісі, адамдардың жүзіндегі сабыр мен жылылық – Ертіс өңірінің кеңпейілдігін айқын сезірді.

Бұл сапар жол әсерін ғана емес, рухани серпіліс пен танымдық шабыт сыйлады. Демек, Кереку жеріне көшкен жұрт рухани да, материалдық та қолдаудан тарықпайды деген ойға кенеліп, Талдықорғанға аттандым.

✓ ЕҢБЕК АДАМЫ

Қанапия Кәкімұлы 1979 жылы Алакөл ауданының Бұлақты ауылында дүниеге келген. Ол бала күнінен сурет салуға әуес болды. Түннің бір уағында майшамның жарығымен қағазға сурет салып отыратын сол бала кейін қылқаламды серік ететінін, өнердің биігіне ұмтылатынын білген жоқ. Бірақ жүрек түбіндегі кішкентай ғана сәуле оны алға жетеледі.

Өзі туған Бұлақты ауылындағы орта мектепті бітірген соң 1998 жылы Талдықорған қаласындағы көркемөнер училищесіне түсіп, кәсіби білім алады. Қылқаламның тілін меңгеріп, бояудың сырын ұғынған жас жігіт кейін Алматыдағы Қазақ қатынас жолдары университетінде білімін жалғастырады. Осылайша теміржол саласы өмірінің өзегі, ал суретшілік жүрегінің үніне айналады.

2003 жылдан бері «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» акционерлік қоғамының Достық стансысында поезд қабылдаушы болып еңбек етіп келеді. Теміржол – тәртіп пен дәлдікті талап ететін сала. Бірақ осы темірдің тас ырғағы арасында Қанапияның жүрегі өнермен қатар соғып жүр. Күндіз жұмысында жүк пойыздарының қозғалысын қадағаласа, кешкісін қылқаламын қолына алып, қағазға жан бітіреді.

Оның суреттері – табиғаттың тынысын, даланын бояуын, адамның жан дүниесін бейнелейтін ерекше туындылар. Әр туындысынан туған жердің иісі, сағыныштың табы қалған ауылдың салқын самалы сезіледі. Ол бояуды сөйлетіп, ал суретінің әр сызығынан өмірге деген сүйіспеншілігін байқатады.

Иә, Қанапия Кәкімұлы Достық стансысының рухани тірегіне айналған жан. Оған дәлел әрбір өткізілетін мәдени іс-шаралар, мерекелік кештер мен спорттық жарыстардың барлығында оның қолтанбасы бар. Ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенділігі үшін әріптестерінің ерекше құрметіне ие. Еңбегі еленіп, Кәсіподақ комитетінің 25 жылдық төсбелгісімен марапатталған.

Бірақ оның барлық қыры мұнымен шектелмейді. Алакөл жұрты оны ел арасына танымал асаба



СУРЕТШІ

ҺӘМ

ТЕМІРЖОЛШЫ

Қазақтың кең даласы небір өнер иесін бауырына басқан. Бірі – сахна төрінде жарқыраса, енді бірі – үнсіз еңбек етіп, тасада жүріп-ақ талантымен елінің рухани өмірін байытып келеді. Осындай қарапайым еңбектің артында қилы тағдыр, ұлы төзім, талмас ізденіс жататыны анық. Солардың бірі – Алакөлдің тумасы, теміржолшы әрі суретші, асаба – Қанапия СҰЛТАНҒАЗЫ.

ретінде де біледі. Қанапияның жүргізген тойы мен думаны – мәдениетті, мәнді, шынайы қуанышқа толы. Әр тойдың ауанын ерекше жылы шырай-

мен өрнектеп, халықтың ықыласына бөленіп келеді.

Кейіпкеріміз колөнерге де бейім. Бос уақытында жүген, нокта, өмілдірік, ат арба, ер-тоқым сынды көптеген атәззелін істейді. Шебердің Достық стансысының толық макетін өз қолымен жасап шығуы соның бір дәлелі.

Үш баланың әкесі, Қанапияның өмірі – еңбек пен өнердің үйлескен көрінісі. Ол атақ қуған жан емес, жарнаманы да ұнатпайды. Бар бақытын – адал еңбектен, өнердің ләззатынан, балалардың күлкісінен табады. Әр істі сөзбен емес ісімен дәлелдеуді жөн көреді.

Тіпті кейде тұңғыық ойдың түбіне терендеп кеткенде, бөлмесінің есігін құлыптап алып, суретін аяқтағанша

тапжылмайтынын айтып:

– Өнер – мен үшін тыныс, өмірдің мәні. Теміржол – менің нәпақам, ал қылқалам – жанымның серігі. Кейде шаршап келгенде сурет салып отырып, бар қажуым кетеді. Әр туындымда бала күнгі арманым, туған жерімнің иісі бар. Ешкімге ұқсағым келмейді, тек өзімнің шынайылығымды жеткізгім келеді. Қолымызда бардың қадірін біліп, өз еңбегіміздің жемісін көру – ең үлкен бақыт. Өнер мен еңбекті қатар ұстау қиын, бірақ сонысымен өмір қызық. Мен үшін ең бастысы – елге пайдаң тисе, артыңда жақсы із қалса, соның өзі үлкен жеңіс, – дейді.

Қанапия Сұлтанғазы нағыз қазақтың қарапайым еңбек адамының



бейнесі. Оның өмір жолы бізге бір шындықты ұқтырады: талант пен еңбек қатар жүрген жерде ұлы іс туады. Сырт көзге қарапайым теміржолшының жүрегінде тұтас бір әлем, тұнып тұрған өнер жатыр.

Қанапияның өмірінің өзі – бір сурет секілді. Бір жағында – тастай берік тәртібі қатты теміржолдың жауапкершілігі, екінші жағында – бояу мен қиялдың, шабыт пен шексіздікке ұмтылыстың ғажайып әлемі. Осы екі дүниені қатар алып жүрудің өзі үлкен ерлік.

Міне, дәл осындай тасадағы таланттар қазақ руханиятының шынайы байлығы. Олар жарнама іздемейді, тек адал еңбек етеді. Өйткені өнердің ең үлкен марапаты – халықтың ықыласы, жүректің тыныштығы. Ал Қанапия Сұлтанғазы сол ықыласқа әбден лайық азамат.

Талант ӘЛІМҒАЗЫ,
Достық стансысы,
Алакөл ауданы

✓ ӨНЕР ИЕСІ

ЖАНАМАДАН ШЫҚҚАН

ЖЕЗТАҢДАЙ



«Өнер ұлттың рухы» десек, сол рухты тірілтіп, елдің жүрегіне жылылық ұялататын адамдар сирек туады. Қанат Әмірханов Алакөл ауданының шағын ғана Жанама ауылынан ұшқан өнер қарлығашы. Домбыраның қоңыр үні мен ананың әлдіі құлағына сіңіп өскен жас талантты тағдыры әу бастан шығармашылық жолға жетеледі. Ол сирек шырқалатын дәстүрлі әнді дәріптей жүріп, әнші, сазгер, күйші ретінде танылды.

Медет ЖҰМАБАЙ,
«Jetisy»



Сан кырлы өнер иесі Қанат Қуанышұлы:
– Бала күнімнен ән мен күйге ғашық болдым. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ домбырамен ән салып, «Әнші балапан» байқауына қатысып, сахнада тұңғыш рет өз дауысымды ел алдында көрсеткен сәтті әлі күнге дейін ұмытпаймын. Сол кезде-ақ өмір жолым өнермен өрілетіні белгілі еді, – деп бастады әңгімесін.

Әншілікке деген махаббат 2001 жылы Алматыға жетеледі. Ол Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжіне түсіп, дәстүрлі әннің хас шебері Қайрат Байбосыновтың шәкірті атанды. Ұстазынан ән айтудың техникасын ғана емес, рухын, мағынасын, жауапкершілігін үйренді. Ұлт құндылығын бойына сіңірді.

Колледж қабырғасында жүргенде-ақ алғашқы авторлық әндері дүниеге келді. Ал 2008 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын Арқаның әншілік мектебі бойынша тамамдап, өнердегі жаңа кезеңге аяқ басты.

Бірақ ол өнерді тек сахна төрінде емес, шәкірт жүрегіне ұялатып жеткізуді қалады. Сондықтан алғашқы еңбек жолын Алматыдағы №17 мектеп-интернатында музыка және өнер пәндерінің мұғалімі болып бастады. Сол күннен бастап ол «өнер мен ұстаздықтың егіз ұғым екенін» дәлелдеп келеді.

– Шәкірт тәрбиелеу – өмірлік миссиям. Өнер жалғыз адамның меншігі емес, ол халықтікі. Сол халықтың өнерді болашағынан үміт күтетін балаларға жеткізуді парызым деп білемін, – дейді ұстаздық жолды тандаған Қанат Қуанышұлы.

Әншінің әндері – өмірдің өз үні. Оның «Жаса, қазақ елі!», «Күрсінбеші», «Нар тұлға», «Жырым көп менің әлі жазылмаған», «Ата-анам», «Өмір жайлы», «Ақ мамық еркем», «Алакөлім», «Сен де мені сағынаарсың бір күні» сияқты 30-дан астам туындылары тындаған жанның жүрегін тербейтін сырлы әуендер. Әр әнінде туған елге, ата-анаға, адамға деген іңкәрлік пен сағыныш бар.

Оның шығармашылық жолындағы ең үлкен белестердің бірі – 30 жасында өткізген «Ақ мамық еркем» атты жеке концерті. Сол кеште қазақ өнерінің саңлақтары Нұрғали Нүсіпжанов пен Рамазан Стамғазиев Қанаттың туындыларын орындап, ба-

тасын берген еді. Бүгінде уақыт сырғып, Қанат Әмірханов қырықтың қырқасына шықты. Бірақ бұл жасқа дарын иесі құралақан келмеді – өнерімен, шәкірттерімен, өзі ашқан мектебімен келіп отыр.

– «QANAT» өнер-білім орталығына биыл 4 жыл. Ең алғашында ақылы түрде жүргіздік. Онда балаларға арналған домбыра, вокал, актерлік шеберлік, қол-өнер және сурет, би, дзюдо үйірмелері бар. Мұндағы жеткіншектер спорттан, өнерден көптеген жетістікке жетіп жүр. Дубайға бардық, Түркияда, Өзбекстанда болдық. Барған жерімізде әрдайым жүлделі ораламыз. Мен үшін ең үлкен жеңіс балалардың сол қуанышын көру, – деп ағынан жарылған сазгердің алдыға қойған мақсаты айқын.

Қазір ол зайыбымен бірге өмір мен өнердің биік межесіне қадам басып, туған күні қарсаңында Алматы қаласында есеп беру кешін өткізуді жоспарлап отыр. «Қанаттың қарлығаштары» атты концерттік кеш – оның шәкірттеріне деген махаббатының, ұстаздық миссиясының көрінісі десек қателеспейміз.

– Өтетін кешімінің атауы неге «Қанаттың қарлығаштары» десеңіз?! Айтып өтейін, Алакөл ауданына танымал, әскери салада журналист, «Дарын» сыйлығының иегері Марат Жүнісбеков деген ағамыз бар. Сол кісі былтырғы 3 жылдық есеп беру концертіме келіп, содан алған әсерін әлеуметтік желіде бөлісіп жазып, сонда қойған тақырыбы еді. Сол тақырыпты өзім ұнатып, жүрегіме жақын болғаннан кейін осылай деп атадым, – дейді Қанат Қуанышұлы.

Өнер жолы жауапты әрі қасиетті жол. Ал Қанат Әмірханов сол жолда өз үнімен де, өнегесімен де ұлт рухын асқақтатып келе жатқан жарық жұлдыз.



✓ БӨРЕКЕЛДІ!



Бразилия төрінде өткен ушу-санда-дан әлем чемпионатында жерлесіміз, ел намысын қорғаған Нұрсұлтан Тұрсынқұлов чемпион атанып, 28 жылдан кейін әлемнің алтынын еншіледі.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ, «Jetisy»

Бұл жеңіс тек бір спортшының ғана емес, тұтас ел рухының жеңісі. Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов чемпионды қабылдап, аймақ басшысы Бейбіт Исабаевтың атынан арнайы құттықтап, лайықты құрмет көрсетті.

– Сіздің жеңісіңіз – тек Жетісу жұртының емес, бүкіл Қазақстанның мерейі. Алыс құрлықта Көк туымызды биік желбіретіп, ел абыройын асқақтаттыңыз. Бұл жетістік табандылық пен ерік-жігердің, кәсіби жаттықтырушы еңбегінің нәтижесі, – деді Диас Рахметұлы.

Кездесуге Қазақстан ушу және кунг-фу федерациясының өкілі Данияр Оханов пен чемпионның жеке бапкері, кикбоксинг және ушу санды бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Маюфи Мухидин қатысты.

Нұрсұлтан Тұрсынқұлов пен оның жаттықтырушысына облыс басшылығы мен федерация атынан арнайы ақшалай сертификаттар табысталды.

Нұрсұлтан Тұрсынқұлов 2022 жылдан бері облыс құрамасының намысын қорғап келеді. Ол үш жекпе-жекте жеңіске жетіп,

Нұрсұлтан – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Әлем чемпионы атанды. Алғашқы айналымда француз қарсыласын, кейін қырғыз спортшысын айқын басымдықпен ұтты. Ал финалда салмақ жағынан басымдыққа ие мысырлық қарсыласқа қарсы тұрып, шеберлігі мен ерік-жігерінің арқасында сенімді жеңіске жетті.

– Бұл жеңіс жылдар бойғы маңдай тердің өтеуі. Рингте елімнің намысын қорғау ең үлкен мәртебе. Біздің жеңісіміз – бапкерлердің, команданың және жанкүйерлердің ортақ еңбегі, – деді Нұрсұлтан Тұрсынқұлов.

Айта кетейік, Нұрсұлтан бұған дейін де екі мәрте әлем чемпионатына қатысқан, Қазақстан кубогының иегері, 2023 жылы өткен Әлем кубогы мен АҚШ-тағы Форт-Уэрт қаласында өткен әлем чемпионатында күміс жүлде жеңіп алған.

Чемпионның бапкері Маюфи Мухидин шәкіртінің табы-
Қазіргі таңда қоғамның басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың бойында саламатты өмір салтына деген өзқарасты қалыптастыру. Өйткені, денсаулық адам бақытының, ел болашағының ең басты кепілі. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап балалардың денсаулығын сақтау, өз өміріне жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамыту – білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі.

САЛАМАТТЫ ӨМІР – САНАЛЫ ҰРПАҚ

Саламатты өмір салты – жай ғана спортпен шұғылдану немесе зиянды әдеттерден аулақ болудан бұрын, адамның өз денсаулығына, қоршаған ортасына және рухани дүниесіне деген құрметі мен үйлесімді қарым-қатынасы. Яғни, дені сау ұлт – білімді де еңбеккер ұрпақ тәрбиелеудің алғышарты. Мектеп тек білім беретін орыннан бөлек, жас ұрпақтың өмірлік ұстанымдарын қалыптастыратын тәрбие ордасы. Сондықтан әрбір ұстаз оқушылардың дұрыс тамақтану, жеке бас тазалығын сақтау, дене белсенділігін арттыру, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Бұл бағытта өткізілетін спорттық жарыстар, денсаулық күндері, тәрбиелік сағаттар мен дәрістердің маңызы зор.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда жасөспірімдер арасында ішімдікке әуестену, темекі тарту сияқты зиянды әдеттердің белең алуы қоғамды алаңдатып отыр. Мұның себептері әртүрлі – әлеуметтік жағдайдың күрделілігі, бос уақытты тиімді өткізбеу, отбасындағы рухани жылылықтың жетіспеуі. Осындай келеңсіздіктердің алдын алудың ең тиімді жолы – баланы кішкентайынан саламатты өмір салтына баулу. Өмір салты дегеніміз – адамның күнделікті әрекеттері мен әдеттерінің жиынтығы. Ол денсаулықты сақтауға бағытталса, адамның өмір сапасы да артады. Белсенді қозғалыс, спортпен шұғылдану, таза ауада серуендеу, жеке гигиенаны сақтау – барлығы да адамның физикалық және психологиялық саулығын нығайтатын қарапайым, бірақ маңызды қағидалар.

Саламатты өмір дағдысына үйрету – болашаққа салынған ең сенімді инвестиция. Өйткені дені сау, сергек ойлы, рухы мықты ұрпақ қана ел ертеңін жарқын етеді. Осы бағыттағы әрбір ұстаздың еңбегі – ұлт денсаулығын нығайтудың, қоғамның даму бағытын айқындаудың басты тірегі.

Дәурен ҚАСЫМОВ, М. Горький атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі



Газетіміздің келесі саны 30 қазан, бейсенбі күні шығады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09. Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

МҰРА ҚАЛДЫРУ қалай жүзеге асады?

Мұра қалдыру – бұл әрқашан екіұшты жағдай. Бір жағынан бұл адамның өмір бойы жинап-терген мүлкін (пәтерлер, банктік салымдар, көлік, зейнетақы жинақтарын) сақтау. Екінші жағынан жауапкершілік. Себебі, активтермен бірге мұраға қарыздар да қалады.

Заң мұрагердің жауапкершілігін мұраға алынған мүлктің құнымен шектейді және де бұл адамдарды мерзімсіз «қарыз қамытынан» қорғайды. Мұра иесі қайтыс болған күні ашылады. Осы сәттен бастап мұрагерлердің мұраны қабылдау немесе одан бас тарту туралы шешімін жариялауға 6 ай уақыттары бар. Оны қайтыс болған адамның соңғы тұрғылықты жері бойынша нотариус арқылы жасауға болады. Егер мерзім өтіп кетсе, мұрагерлік құқығын тек сот арқылы дәлелді себептермен: ауру, шетелде болу, өлім туралы ақпараттың болмауын дәлелдеп, қалпына келтіруге болады.

Заң тек «пайдалы» активтерді таңдауға мүмкіндік бермейді. Мұра оның барлық артықшылығы және кемшілігімен толығымен қабылданады. Алайда, мұнда маңызды ереже

қолданылады: мұрагер қайтыс болған адамның қарыздары бойынша алынған мүлктің құны шегінде ғана жауап береді. Мысалы, егер пәтер 20 миллион теңгеге бағаланса, ал қарыз 15 миллион теңгені құрайды, мұрагер қарызды толығымен өтеуге мәжбүр болады. Бірақ, егер қарыз пәтердің құнынан асып кетіп, мұрагер мүлкті берсе, қарыздың қалдығы «күйіп кетеді».

Мұраның құрамына шоттардағы ақша, жылжымайтын мүлік, көлік, тұрмыстық заттар, акциялар мен бизнестегі үлестер, сондай-ақ зейнетақы жинақтары кіреді. Мұраға қарыздар да ауысады: кредиттер, бөліп төлеу, төленбеген салықтар, коммуналдық қарыздар. Алайда, жеке міндеттер мұраға өтпейді, олар заң бойынша адам қайтыс болғанда тоқтатылады. Мысалы, алимент немесе моральдық зиянды төлеу бойынша міндеттемелер мұрагерлерге өтпейді. Сондықтан мұраны қабылдағанға дейін нотариус пен кредиттік ұйымдардан марқұмның қарыздары туралы ақпарат сұраған дұрыс. Ал берешек мөлшері мұраға қалдырылған мүлктің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, мұраға кірудің қажеті жоқ.

Асхат БАЛТАБАЕВ,
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы

✓ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

АУЫЛ мен ҚАЛА БАЛАСЫ алшақ па сонша арасы?

Ауыл мен қала. Екі түрлі өмір салты, өзгеше мүмкіндік. Бірақ шаһар мен елді мекен арасындағы алшақтық бұрынғыдай емес. Жыл өткен сайын жаңа буынның арманы мен талпынысы ауыл мен қаланы біріктіріп келеді.

Ауыл мен қаланың таңы екі түрлі. Бірінде әтештің дауысы, екіншісінде телефонның үні оятады. Ауыл адамы қара жерге дән егіп, табиғатқа жақын болып еңбекпен өмір сүреді. Ал қалада адам уақытқа қарап өмір сүреді. Минутты жоспарлап, асығыс жүреді. Бірақ сол екі түрлі әлемнің ортасында бірдей армандайтын жастар бар. Ауыл мен қаланы салыстырғанда, көп адам мүмкіндікті сөз етеді.

Иә, қалада жақсы мектеп пен үйірме көп, интернет жылдам, көлік қатынасы ыңғайлы. Ал ауылда бәрі қарапайым. Бәріне ортақ мектеп, Мәдениет үйі, кітапхана біреу. Бірақ дәл сол қарапайымдықтың өзінде нағыз өмір мектебі бар. Ауыл баласы еңбекқорлықты, төзімділікті, үлкенге құрмет пен кішіпейілдікті бойына ерте сіңіреді. Қала баласы болса, өзіндік пікір қалыптастыруға, ақпаратпен жұмыс істеуге бейім келеді. Екеуі

де өмірді өз тұрғысынан көреді, екеуі де армандайды.

Бала кезден-ақ әркім өз арманының жолын салады. Бірі дәрігер болғысы келеді, бірі журналист, бірі IT саласына қызығады. Қаланың баласы бұл арманға қол жеткізуге нақты қадам жасай алады – үйірме, курс, шетелдік бағдарлама, олимпиада. Ал ауылдың баласы көбіне өз бетімен ізденеді. Бірақ дәл сол ізденіс рухани қуатқа айналады. Көптеген танымал тұлға ауылдан шыққанын еске түсірсек, бұл сөздің жаны бар. Олар үлкен еңбектің арқасында елге танылды. Сондықтан арманның биіктігі адамның тұрған жерімен емес, ішкі ниетімен өлшенеді.

Қазір ауыл мен қаланың арасын интернет жалғап тұр. Онлайн сабақ, қашықтан оқу, вебинарлар мен әлеуметтік желілер арқылы жастардың мүмкіндігі теңесті. Ауылда отырып-ақ ағылшын тілін үйреніп, халықаралық байқауға

қатысып, өз идеясын әлемге танытуға болады. Яғни, ауыл мен қала арасындағы шекара біртіндеп жойылып келеді. Бастысы – адам өз ортасына тәуелді болмай, өзін дамытуға ұмтылуы. Менің қатарластарымның арасында да ауылдан келген, бірақ қалада білімін жалғастырып жүрген жас көп. Олар бастапқыда жаңа ортаға үйренісу қиын болғанын айтады. Бірақ кейін сол орта олардың өсуіне түрткі болған. Керісінше, қалада өскен кейбір жастар ауылға барып, табиғилық пен тыныштықтан шабыт алады.

Адамның адамнан артықшылығы білімде екенін Абай атамыз айрықша айшықтағанын еске салсақ, қала мен ауыл баласы туралы салыстырып жазып отырған дүниеміздің кілті білім, дүниетаным екенін білуге негіз бар. Шынында да, ауыл баласының артықшылығы – еңбекқорлығы мен табандылығында. Қала баласының артықшылығы – заманауи көзқарасы мен ашықтығында. Егер осы екі қасиет тоғысып жатса, елдің болашағы берік болмақ деп топшылаймын.

Айзере ТЕМІРХАН,
Мұхтар Арын атындағы №24 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы

Талдықорған қаласы

Қоғамдық тыңдаулар

«Достық-Ақтоғай-Мойынты-Жарық-Жезказған-Сексеуіл-Қандыағаш-Ақтөбе-Илецк (Достық-Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу) т/ж көлік дәлізін жаңғырту үшін пайдаланылатын Жетісу облысының Алақол ауданында («№25-W», «№26-W», «№27-W») орналасқан 3 учаскеде кең тарапқан пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

- 03.12.2025ж., сағат 11:00-де, Жетісу облысы, Алақол ауданы, Бескөл а.о., Бескөл а., Достық к-сі, 4 мекенжайында.
- 03.12.2025ж., сағат 15:00-де Жетісу облысы, Алақол ауданы, Жанама а.о., Жанама а., Ақбаев к-сі, 13 мекенжайында.
- 04.12.2025ж., сағат 15:00-де Жетісу облысы, Алақол ауданы, Жағатал а.о., Қазақстан а., І.Жансүгіров к-сі 12 мекенжайындағы «Қабанбай батыр атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» КММ-нің акт залында.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5KSQzTmmVrQH0tG.1>
Конференция идентификаторы: 677 493 52 75
Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334. Мекенжайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жеркөйнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең к., Қошқек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 (7282) 32-93-83. Ресми интернет-ресурсы <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы priroda@zhetisu.gov.kz бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

Общественные слушания

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту «План горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 3 участках», («№25-W», «№26-W», «№27-W») расположенных в Алакольском районе области Жетісу, используемых при модернизации железнодорожного транспортного коридора Достық – Ақтоғай – Мойынты – Жарық – Жезказған – Сақсаульская – Қандыағаш – Ақтөбе – Илецк (строительство вторых путей железнодорожного участка Достық – Мойынты):

- 03.12.2025г., в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Бескольский с.о., с. Бесколь, ул. Достық, 4.
- 03.12.2025г., в 15:00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Жанаминский с.о., с. Жанама, ул. Ақбаев, 13.
- 04.12.2025г., в 15:00 часов, в актовом зале КГУ «Средняя школа имени Кabanбай батыра с дошкольным миницентром» по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Жагатайский с.о., с. Казахстан, ул. И.Жансугурова, 12.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5KSQzTmmVrQH0tG.1>

Идентификатор конференции: 677 493 52 75
Код доступа: YZ1mBb

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334. Адрес: Ақмолинская область, город Астана, район «Есіл», улица Дінмұхамед Қонаев 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жеркөйнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелең, ул. Кошкек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.: +7 (7282) 32-93-83. Официальный интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> и электронный адрес priroda@zhetisu.gov.kz по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1091
«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы – 10 170, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы – 6070. Индексі – 65469.

*Шалқыған көлі, асқақ тауы,
ну орманы, шалқар даласы мен
құйма алтынға тең құмы
бар Жетісу өңірінің тұмса
табиғаты адамды баурап алады.
Әсем табиғаттың сұлулығын
сезініп, гажайыбын көзбен көруге
алыс-жақын шетелден келетін
туристер саны да жыл санап
артып келеді. Сол себепті де
отандық туризмді дамыту
басты назарда. Осыған орай
туризмнің ошағы саналатын
аймақтың жауһарлары,
атқарылып жатқан жұмыстар
мен алдағы жоспарға аз-кем
тоқталуды жөн көрдік.*

**Табиғаты тамаша,
тарихы терең**

Облыста экологиялық туризм бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Ең алдымен, бұл бағытта «Алтын Емел» және «Жоңғар – Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи парктөрінің, «Алакөл» мемлекеттік табиғи қорығының маңызы айрықша. Екі мемлекеттік ұлттық табиғи парк те жаяу серуендеуге және велосипедпен жүруге арналған көптеген бағытты ұсынады. «Жоңғар-Алатауы» МҰТП облыстың солтүстік-шығыс бөлігінде, ал «Алтын-Емел» МҰТП Жетісудың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. «Алтын Емел» табиғи паркіндегі Ақ-жау таулары туристер үшін ең танымал орындардың бірі.

Айдынды да айбынды Алакөл әлемдегі ең терең көлдердің бірі. Айдынды Алакөл туризм саласының ошағы қайнап тұрған орталыққа айналды. Емдік қасиеті бар суға жазда шомылудан бөлек, балық аулауға, басқа да су спорт түрлерімен шұғылдануға келушілер қатары артқан.

Тағы бір танымал көрнекті орын Ескелді ауданында орналасқан Бұрхан Бұлақ сарқырамасы. Оның айналасында қылқанжапырақты орманның керемет көрінісі бар. Келушілер сарқырамаға жету үшін және оның әсемдігінен ләззат алу үшін арнайы дайындалған бағыттармен жүре алады. Жыл сайын инфрақұрылымы мен коммуникациялары жақсарып жатқан Балқаш көліне де меймандар көп келуде. Ақсу ауданында орналасқан Қаппал дестинациясы туристерге Үшкөл мен Кемел сарқырамасының керемет көріністерін, сондай-ақ археология-

лық маңызды – «Баянжүрек» шатқалын, ежелгі «Қалақай» обсерваториясын, «Тасбас тау» жоталарын тамашалауды ұсынады.

Сарқан ауданындағы «Жоңғар–Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан Жасылкөл көлі өзінің кристалдық тазалығымен және маусымға қатысты түсінің өзгеруімен таңғалдырады. Сондықтан болар, Жетісу жеріне келген қонақтар айнадай сәуле шашқан көлге баруға асығады. Міне, табиғаты тамаша, тарихы терең киелі мекен туризмді дамыту бойынша зор әлеуетке ие.

**Туризмді
түлететін орталық**

Облыс бөлінгеннен кейін аймақта «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығы ашылды. Аталмыш орталық жылда облыстағы ең тартымды туристік нысандарға ақпараттық турлар ұйымдастырады. Сол арқылы балық аулауға, жаяу, велосипедпен, атпен серуендеуге, парапланмен және жылу аэростатымен ұшуға, шөлейт құмда сафари жасауға, күркіреп ағатын Көксеу өзенінде рафтинг арқылы шынығуға, гастрономиялық және мәдени туризмді, жергілікті шипажайларда рекреациялық туризмді, тау және шытырман оқиғалы туризмді дамытуға болатынына кең аудиторияның назарын аударады. Мақсат – жер жанның «төрінен қонақ, белдеуінен ат кетпейтін» туризм ошағына айналдыру. Олай болса, орталықтың 3 жылдағы жұмысына қысқаша тоқталып өтейік. 2022 жылы қысқы маусымның ашылуына орай Керімағаш ауылында емдік көздер бойынша алғашқы ақпараттық тур ұйымдастырылды. 2023 жылы меймандарды тарту үшін 40, былтыр 37 іс-шара өтті.

Биыл 8 ақпараттық тур, халықаралық көрме, 3 ақпараттық акция, 2 экоакция, 14 балаларға арналған экскурсия, 3 танымдық шара іске асырылды. Туристердің демалысын жеңілдету және жайлы жағдай жасау мақсатында

ЖЕТІСУ

әуежайлардың, теміржол бекеттері мен туристік нысандардың күту алаңдарында 10 телефонды қуаттау стансысы орналастырылды. Бүгінде республикалық және облыстық жолдардың бойында және қалалық және аудандық орталықтарда 14 сыртқы билборд орналастырылды. Облыстың туристік нысандары, көрікті жерлері мен демалыс орындары туралы 4 тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай) карта, каталогтар, буклеттер және кәдесый өнімдері әзірленді. Бұл орталық атқарған жұмыстың бір парасы ғана. Ең қуаныштысы – қыркүйек айында жергілікті атқарушы билік туризм басқармасын құру туралы мәселе көтерді. Бұл облыста туризмді одан әрі дамытуға ықпал ететіндігіне кәміл сенеміз. Алдағы маусымда да «Visit Zhetysu» ақпараттық орталығы өңірге туристерді әкелу үшін Жетісуда көптеген озық идеяны жүзеге асыруды жоспарлауда. Ендігі мақсат – жаңа туристік бағыттарды ашуға және саланы одан әрі ілгерілету бойынша маркетингтік жұмыстарды әлемдік деңгейде жалғастыруға ұмтылу. Себебі, түпсіз пайда әкелетін туризм экономиканы дамытудың бір тұтқасы.

**Жандос НУРИЕВ,
«Visit Zhetysu» ақпараттық
орталығының
басшысы**



• Суреттерді түсірген
Фархад ҚАБДЫҚАЙЫРОВ,
Артем ОРЛЯНСКИЙ